

Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2016 жылғы 25 ақпандағы № 47/389-V " Мемлекеттік денсаулық сақтау секторы ұйымдарының ауылдық жерде және қала үлгісіндегі кенттерде жұмыс істейтін медицина және фармацевтика қызметкерлеріне коммуналдық қызметтерге және отынға арналған шығыстарды бюджет қаражаты есебінен өтеу мөлшерін белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Түркістан облыстық мәслихатының 2018 жылғы 12 желтоқсандағы № 33/359-VI шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 27 желтоқсанда № 4862 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес, Түркістан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:**

1. Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2016 жылғы 25 ақпандағы № 47/389 -V "Мемлекеттік денсаулық сақтау секторы ұйымдарының ауылдық жерде және қала үлгісіндегі кенттерде жұмыс істейтін медицина және фармацевтика қызметкерлеріне коммуналдық қызметтерге және отынға арналған шығыстарды бюджет қаражаты есебінен өтеу мөлшерін белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3621-нөмірмен тіркелген, 2016 жылғы 18 наурызда " Оңтүстік Қазақстан" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. "Түркістан облыстық мәслихаты аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімді аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы шешімді мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялау үшін Түркістан облысында таратылатын мерзімді басылымдарға жіберуді;

4) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Түркістан облыстық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихат

сессиясының төрағасы

Облыстық мәслихат хатшысы

Н. Әшіров

Қ. Балабиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК